Балалардың физикалық қасиеттерді дамыту бойынша баланың қозғалысты белсенділігін дамытып, ептілік, шыдамдылық, үйлесімдік дағдыларын қалыптастыру бағытында үнемі жасап отырдық. Балабақшада түскі ұйқыдан кейін балалармен созылу, беттерін суық сумен жуу, жалаң аяқ жүру, тыныс алу, нүктелі массаж үнемі жүргізіліп тұрды, баланың денсаулығы мықты болу үшін мәдени гигиеналық талаптары орындалды.

Қорытынды: балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау және нығайту бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді. Тәрбиеленушілерді мерзімдік медициналық тексерумен қамту - 100% құрайды.

Балалардың аурушандығын төмендету бойынша жұмысты келесі жылы жалғастыру, балалардың салауатты өмір салтының қажеттілігін қалыптастыру бойынша тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-әрекетті жалғастыру қажет.

№ 54 «Нұр-Ай» балабақшасының жабдықтармен және жиһаздармен жарақаттандыруы

«№54 «Нұр- Ай» балабақшасы» МКҚК 2010 жылы пайдалануға берілді. Балабақшаның жалпы көлемі 5389,1м² шаршы метр, ішкі көлемі – 2234,8м² ш.м. Жер учаскесінің алаңы – 0,9467 га. Балабақшаның Жобалық қуаты: 295 орын, шағын орталық 50 орын. Ғимараттың типтік сипаттамасы: 2 қабатты типтік ғимарат.

Балабақшада әр топта балаларды дамыту орталықтары балалардың жас ерекшеліктеріне және сұраныстарына сай жинақталған. Орталықтарындағы көрнекі құрал-жабдықтары балалардың қызығушылықтарын арттыруға бейімделген. Жиһаздар, ойыншықтар, оқу, ойын көрнекі - құрал жабдықтары толығымен мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талабына сай. Техника қауіпсіздігін сақтау талаптарына, санитарлық-тазалық нормасына, табиғи ерекшеліктеріне, жайлы қызмет көрсету принциптеріне сәйкес жинақталған.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасы қазіргі талаптарға сай.

Балабақша ғимаратында он екі топ, бір шағын орталық, музыкалық және дене шынықтыру залдары, бассейн, әдістемелік кабинеті, логопед, дефектолог, психолог кабинеттері, медициналық кабинеті, робототехника, шахмат, интеллектум, құмтерапиясы, мультостудия, қазақ тілі кабинеті, ағылшын тілі кабинеті, кір жуатын бөлмесі, ас бөлмесі бар.

Мекемедегі дене шынықтыру залы, логопед психолог кабинеті, музыка залы қажетті құрал жабдықтармен толық жабдықталған. Мамандар кабинеті компьютермен, ноутбукпен және принтермен қамтылған.

Әдістемелік бөлме педагогтерге қажетті әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтырылған. Барлық жабдықтар кір жуатын және асхана бөлмелерінде санитарлық – эпидемиологиялық талаптарына сай келеді.

Ата-аналармен атқарылған жұмыстар:

Тәрбие - отбасынан басталады, бірақ тәрбие негізі - балабақшадан деп бекер айтылмаған болар. Балалармен алғаш жұмыс істеп, қалам ұстатып, алғаш сөздер үйрететін тәрбиеші мен ата-ана. Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы тығыз қарым-қатынас бала өміріне, тәрбиесіне, біліміне берері мол процесс. Баланың интеллектуалдық, шығармашылық дамуы ата-ананың, педагогтардың қарым-қатынасы нәтижесінде болатынын және негізгі міндет екенін бәріміз де білеміз. Ата-аналар арасында: "Менің болашағым - балам!", "Жаз мезгіліндегі отбасы демалысы" атты газеттер сайысы өтті. Барлық топ ата-аналары белсене қатысты. Сонымен қатар, "Ал, кәнеки әжелер" атты әжелер арасында сайыс өтті. Оған 4 әже қатысты. Ата-аналар спорттық мерекелерге арналған эстафеталық сайыстарға, ертеңгіліктерге, балабақша өміріндегі басқа да мерекелерге ата-аналар әрдайым қатысып, өз алғыстарын білдіріп келеді.

Тіл туралы Занды іске асыру бойынша - жоспар жасалынып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Тілдер күні мерекесін ұйымдастыруға арналған «Ана тілім - тірлігімнің айғағы» атты педагогтармен дөңгелек үстел өткізілді. Мектепалды даярлық топтары арасында «Ұлттық ойындар көрінісі» атты спорттық сайыс өткізілді. Бұл іс-шара дене шынықтыру нұсқаушысының ұйымдастыруымен өткізілді. Сондай-ақ «Туған жерім Қазақстаным» тақырыбында ата-аналар мен балалардың қосылып салған суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстан халқы тілдерінің фестивалі аясында өткізілген іс-шарамыз бүлдіршіндердің көңілін бір серпілтіп тастады. Атадан балаға мұра болып қалған баға жетпес құндылығымыз – ана тілімізді сақтайық. Ұрпағымызға өнеге болар, ана тілге деген сый құрметімізді мәңгілікке сақтайық. Өткізілген іс –шараларымыздың негізгі мақсаты балалардың тілге деген, Отанға деген сүйіспеншіліктері мен қызығушылытарын арттыру, ана тілінде дұрыс, таза сөйлей білуге үйрету және тілдік сөйлеу әдептерін қалыптастыру, әрі балаларды ұлтжандылыққа, тілсүйгіштілікке тәрбиелеу көзделді.

Психологиялық жағымды орта, бейімделу процесі бойынша - Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу балабақшада және отбасында жүзеге асады. Көп уақытын балалар балабақшада өткізеді екен. Сондықтан психологиялық жағымды ортаның баланың денсаулығына, дамуына әсер ететіні анық. Әр тәрбиеші өз тобын жаңа оқу жылына дайындады. Көрнекілік құрал -

жабдықтарына аса мән берді. Сонымен қатар, балабақшаға жаңадан келген балаларға көп көңіл бөлінді. Ата-аналарға арналған бейімделу бұрышы, кеңестер дайындалды:

- жалпы ата – аналар жиналысы,
- жеке сұхбаттасу;
- мейірбике қызметкерлердің кеңестері,
- дене шынықтыру жетекшілердің кеңестері,
- тәрбиешілердің кеңестері,
- сауалнамалар.

Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінен бастап, күнделікті психологиялық қабілеттерін дамыту барысында балабақша педагог - психологы А.О. Танатарова тәрбиешілермен бірлесе отырып әртүрлі деңгейде әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы балалардың өз жасына тән ерекшеліктері, мінез-құлықтары, өзіндік қызығушылықтарын қалыптастыра отырып жұмыс жасады. Педагог - психолог барлық жастағы балалардың балабақшаға үйренуіне талдау жасап балалар және ата-аналардың өзара қарым-қатынасын зерттеді. Топтар арасында және балалар арасында психокоррекциялық түзету жұмыстары жүргізілді. Педагог - психолог өзінің әрекетінде кең көлемді диагностикалық материалдарды қолданды, соның көмегімен әр баланың ерекшеліктеріне сәйкес психикалық даму деңгейлері анықталды. Баланың ойлау мен елестету, сөзі, түсінігі, қабылдауы, есте сақтау деңгейлерін бағалау маңызды болды, жеке сапасына назар аударды, баланың араласудағы мінезін анықтады. Жыл бойы ата-аналармен де жұмыс атқарылып отырды. Ата-аналармен жұмыс балаларды тәрбиелеу мен дамыту сұрақтары бойынша жүргізілді. Бұл жұмыс бірнеше компоненттерден тұрады. Ең алдымен - бұл балалардың қиындықтары бойынша ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер, сауалнама, тренингтер жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында инклюзивті топтарында ерекше білім беруді қажет ететін 35 бала тіркелген. Осы балалардың ішінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет ететін балалармен инклюзивті топ педагог-психологы А.С.Ахметова, мұғалім-логопедтер А.Ш.Имашова, Г.С.Махитова, М.П.Турарова мұғалім-дефектолог А.С.Талипова әр баланы даму деңгейі, жас ерекшелігіне сай жеке даму бағдарламасына сай жеке оқу қызметтерін жүргізді.

ПМПк қорытындысына сай балабақшада педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу толығымен жүргізілді. Келген балаларды педагог-психолог, дефектолог, логопед мамандары алғашқы тексеуде өткізді. Балалармен жұмыс жеке дамыту бағдарламасы және жылдық жоспарда көрсететілген лексикалық тақырыптарды негізге ала отыра түзету-дамыту бағыты бойынша жұмыстар жүзеге асты. Балалардың жас ерекшелігі әр түрлі, диагноздары: жалпы сөйлеуі дамымаған I,II,III деңгейдеі, психикалық даму тежелген балалар келді.

Балабақшаның инклюзивті топ балаларының диагностика нәтижесі бойынша жеке түрде кеңестер берілді. Инклюзивті білім беру блогында логопед және дефектолог мамандарымен бірлесе инклюзивті білім беру бұрышын жасалып, безендірілді.

Педагогтарға арналған «Сіз бәрін жасай аласыз!» атты тренингі өткізілді. 2022 жылдың наурыз айында «Менің таңдаған мамандығым» тақырыбында

машықкерлермен тренинг жүргізілді. Ертеңгіліктерде, мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып, балаларды бақылай отыра, тәрбиешілерге көмек берілді. Балабақшадағы №4 педкеңесте педагогтермен «Инклюзия дегеніміз не?» тақырыбында сауалнама алынды. XIV «Жұлдызды жол» интеллектуалды олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысушы тәрбиешілерге «Мектепке дейінгі балалардың дарындылықтарын анықтау және дамыту» тақырыбында семинар жүргізілді. Қалалық семинарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған заттық дамытушы ортада ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізілді.

Жыл бойына ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

- Жыл бойына ата-аналармен жеке және топтық кеңестер, ұсыныстар берілді.
- 2023 жылдың қараша айында инклюзивті топ ата-аналарына «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында алғашқы ата-аналар жиналысы өтті, жеке форматта.
- Жыл бойы балаларға дәптерге үй тапсырмасы беріліп, ата-аналармен кері байланыс орнатылды.
- «Сіз балаңызды білесіз бе?» тақырыбында оқу жылының басында ата-аналармен сауалнама жүргізілді.
- Диагностика нәтижесі бойынша жыл бойы ата-аналарға ақпараттар берілді.
- «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Ата-аналармен үй жағдайында ерекше балалармен жұмыс жасаудың тиімді жолдары», «5-6 жастағы мектепалды даярлық топ балаларын мектепке психологиялық дайындау» тақырыбында ақыл-кеңестер берілді.
- Баланың дамуы бойынша жеке кеңестер берілді.
- Жыл бойы ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта жұмыстар жүргізілді.
- Оқу жылының мамыр айында инклюзивті топтардың ата-аналарымен қорытынды сауалнама жүргізілді.

Сапалы оқу-тәрбие беру процесі бойынша:

2023-2024 оқу жылында №54 «Нұр-Ай» балабақшасының тәрбие - білім қызметін ұйымдастыру мына құжаттар арқылы іске асырылады:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Тәрбие - білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингіне сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды.

2023-2024 оқу жылында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (қазақ тілі мұғалімі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және т.б.) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша бағдарламада берілген дағдыларды орындау көзделген. Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Тәрбиешілердің, педагог - мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2024 оқу жылында балабақша топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді.

Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап", "SHUGYLAKITAP" оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2023-2024 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде педагогтар негізгі қағидаларға сүйенді:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Балабақшаның әдістемелік тақырыбы: Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Мақсаты: Баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік дамуы үшін, мектепте оқуға нәтижелі дайындаудың негізі ретінде тең бастапқы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Дені сау баланы тәрбиелеуді, денсаулықсақтау технологиялары арқылы дамыту;

-Балалардың қарым-қатынас дағдыларын, жеке қасиеттерін, шығармашылық ойлау қабілеттерін, театрлық іс-әрекеттері арқылы дамыту;

- Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруда дәстүрден тыс әдістерді қолдану;

-Баланың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын, зияткерлік, танымдық және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану;

- Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру.

Осы мақсат, міндеттерді орындау нәтижесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыруға көмектеседі.

2023-2024 оқу жылында №54 «Нұр-Ай» балабақшасының ұжымы төмендегідей жылдық мақсат пен міндеттер бойынша оқу - тәрбие жұмысын жүзеге асырды:

2023-2024 оқу жылының мақсаты:

Балабақшада тәрбиелеу-оқыту үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиеленушілердің тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту, денсаулығын нығайтуға бағытталған белсенді іс-әрекетке шоғырландыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тәрбиелеу - білім беру процессін ұйымдастыруда әр баланың жеке қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- 1.Тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын нығайтуда денсаулық сақтау технологиялардың қолдану
- 2.Театр әрекеті арқылы мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамыта отырып, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін жетілдіру.
3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тәрбиелеу - білім беру процессін ұйымдастыруда әр баланың жеке қабілеттерін дамыту, инклюзивті орта құру, түзету жұмысында мамандармен тәрбиешелердің бірі-бірімен байланысын қалыптастыру.

Заттық даму ортасы – Әр топтағы заттық даму орталықтары 5 дағды бойынша бала жасына сәйкес жабдықталған. Апталық оқу жоспары жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, әр топтың жас ерекшеліктеріне сай жүргізілді.

Оқыту және тәрбиелеу барысы барлық топтарда кешенді тұрғыда, тақырыптық жүйеде, жүйелі түрде өткізіліп отырды. Тәрбиешілерге ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізуде, әдістемелік әдебиеттерді, көрнекіліктерді, ойын тапсырмаларды таңдау барысында әрдайым көмек көрсетіліп отырды. Әр ұйымдастырылған оқу қызметіне баса назар аударылып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр білім беру салалары бойынша тиімді әдіс – тәсілдер қолданылды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау туралы ақпарат

№54 "Нұр-ай" балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған. Балабақшада 12 жалпы білім беру тобында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар тәрбиеленуде ("Нұр-сұлтан қаласының білім басқармасы" ММ "ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті топтар ашу туралы" 15.09.2019 ж. №566, 27.10.2021 ж. №661, 31.03.2021 ж. №129, 29.12.2022 ж. бұйрықтары №1109). Балаларды түзету және инклюзивті топтарға қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті

№	Тегі, аты-жөні	Диагнозы	Ұсынымдар
1.	БАҚТЫГЕЛДІ АЛЬТАИР ДУЛАТҰЛЫ	Задержка психического развития. Задержка речевого развития.	Воспитание и обучение по ДДО программе. Психолого-педагогическое сопровождение (дефектолог, логопед)
2.	ИЛЬЯСОВ ДАНИЯЛ РУСЛАНОВИЧ	Трудности общения и социального взаимодействия. Задержка речевого развития.	Психолого-педагогическое сопровождение в дошкольной организации: занятия с психологом и логопедом
3.	ЕРБОЛ АЙША АҚДАУЛЕТҚЫЗЫ	Психикалық дамудың тежелуі. Сөйлеу тілі дамуының тежелуі.	Мектепке дейінгі мекеме бағдарламасы бойынша тәрбиелеу және оқыту. психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету дефектолог, логопед
4.	ШАХИЗАТ АЙЗЕРЕ СЕРІКБОЛҚЫЗЫ	Задержка речевого развития	Специальная психолого-педагогическая поддержка логопедом в КППК
5.	ТУЛЕПБЕРГЕН МЕДИНА	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I уровня	Воспитание и обучение по специальной учебной программе дошкольного воспитания и обучения для детей с задержкой психического развития в специальной группе
6.	ЕРСЕЙТ АМИРХАН СЕРҒАЗЫҰЛЫ	Психикалық дамуының тежелуі. Сөйлеу тілі жалпы дамуының II деңгейі	МДМ бағдарламасы бойынша оқыту және тәрбиелеу. Психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед
7.	ӘБУТӘЛІП АҢСАР ЕРКІНҰЛЫ	Трудности общения и социального взаимодействия. Общее недоразвитие речи I уровня. Общее недоразвитие речи I-II уровня	Специальная психолого-педагогическая поддержка психологом и логопедом в дошкольной организации.
8.	НҮРПЕЙС ДИАС АЗАМАТҰЛЫ	Психикалық дамудың тежелуі. Моторлы бұзылулармен жалпы сөйлеу тілі дамуының I деңгейі. Мінез-құлық қиындақтары.	МДМ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: психолог, дефектолог, логопедпен сабақтар.
9.	АЙДАРБЕКОВ АСАНАЛИ ДАНИЯРОВИЧ	Общее недоразвитие речи I уровня	Специальная психолого-педагогическая поддержка логопедом.

10.	ОРЫНБЕК САЛИМХАН МАҚСАТҰЛЫ	Общее недоразвитие речи 1- 2 уровня, вторичная задержка психического развития	Специальная психолого-педагогическая поддержка логопедом в дошкольной организации
11.	ЕСІМХАН МЕДИНА РАСУЛҚЫЗЫ	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I уровня	Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. Специальная психолого-педагогическая поддержка дефектологом, логопедом.
12.	КОЛУМБЕТОВ ДАРЫН БАТЫРОВИЧ	Общее недоразвитие речи 2 уровня. Дизартрия. Задержка психического развития.	Воспитание и обучение по ДДО программе. Психолого- педагогическое сопровождение логопедом, дефектологом
13.	УТЕГЕН АЛИЯ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ	Задержка психического развития. Задержка речевого развития.	Специальная поддержка психологом и логопедом в дошкольной организации.
14.	АШИН ЕРАСЫЛ	Общее недоразвитие речи II уровня, вторичная задержка психического развития	Продолжить психолого-педагогическое сопровождение в дошкольной организации: занятие с дефектологом и логопедом.
15.	ӘБДІБЕК МҰХАММЕДЖАН ЕРЛАНҰЛЫ	Психикалық дамуының тежелуі. Сөйлеу тілі дамымауының I деңгейі.	МДБ бойынша тәрбиелеу және оқыту. Психологиялық- педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед мамандарымен сабақ өткізу.
16.	ЖИРЕН ІҢКӨР БИМЕНДЕҚЫЗЫ	Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи I уровня с эфферентно-моторными нарушениями	Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. Специальная психолого-педагогическая поддержка дефектологом, логопедом.
17.	МАРС ЗАҒФАР	Общее недоразвитие речи 1-2 уровня	Психолого-педагогическое сопровождение в дошкольной организации: занятие с логопедом.
18.	МУХАМЕТКАЛИ АМИР	Жалпы сөйлеу тіл дамымауының 2 деңгейі.	Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық- педагогикалық қолдау: логопедпен
19.	ӨМІРЖАН УМАР ШОҚАНҰЛЫ	Общее недоразвитие речи I-II уровня. Задержка психического развития.	Психолого-педагогическое сопровождение в дошкольной организации: занятия с логопедом и психологом.
20.	ОРЫНБЕК АЛИХАН	Задержка психического развития. .Общее недоразвитие речи 2 уровня	Психолого-педагогическое сопровождение в дошкольной организации: занятие с дефектологом, логопедом
21.	АЙДЫНҰЛЫ АЛАН	Задержка психического и речевого развития.	Продолжить воспитание и обучение в дошкольной организации. Занятия с логопедом, дефектологом в условиях дошкольной организации
22.	ШАХИЗАТ АЙСҰЛТАН	Трудности общения и социального взаимодействия.ОНР Iуровня.	Обучение и воспитание по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения. Специальная помощь психолога, дефектолога, логопеда.
23.	МАРАТ АРИАНА АНУАРҚЫЗЫ	ЗПР. ОНР 2уровня	Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. Специальная психолого-педагогическая поддержка дефектологом, логопедом.
24.	МОЛДАБЕРГЕН АЛИША ЕРЛАНҚЫЗЫ	ОНР 1-2уровня	сопровождение в детском саду: занятия с логопедом
25.	ЕЛЕУПОВ АЛЬТАИР ТИМУРОВИЧ	Задержка психического развития церебрального генеза. ОНР 1 уровня	Воспитание и обучение в рамках инклюзивного образования по ДДУ программе. Занятие с психологом, логопедом и дефектологом.
26.	МАТИШЕВА САМИРА АЛИАСХАРОВНА	ОНР 1-2 уровня	Продолжить воспитание и обучение в дошкольной организации. Занятие с логопедом в условиях дошкольной организации

27.	АЛИБЕКҰЛЫ НАРИМАН	ОНР 2 уровня	Психолого-педагогическое сопровождение в детском саду: занятие с логопедом
28.	ҚУАНЫШ АЛАН ҰЛАНҰЛЫ		Воспитание и обучение по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения. Психолого-педагогическое сопровождение логопедом
29.	ҚОНЫСПАЙ ТОҒЖАН ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗ Ы	Задержка речевого развития.	Продолжить воспитание и обучение в дошкольной организации. Психолого-педагогическое сопровождение в дошкольной организации: занятие с логопедом
30.	ОРАЛ РАЯНА БЕРІКҚЫЗЫ	ЗПР. ОНР 1 уровня.	Занятие с дефектологом, логопедом в условиях дошкольной организации
31.	ЕРЖАНҚЫЗЫ АЗИЗА	ОНР 2-3 уровня. ЗПР	Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. Специальная психолого-педагогическая поддержка дефектологом, логопедом.
32.	ТӨЛЕГЕН АҢСАҒАН ЖАСТІЛЕКҚЫЗЫ	Общее недоразвитие речи 2-3 уровня	Специальная психолого-педагогическая поддержка логопедом в дошкольной организации.
33.	ҚАНАТҚЫЗЫ АЙСАНА	Общее недоразвитие речи 2-3 уровня.	Специальная поддержка логопедом в дошкольной организации.
34.	АЙТЕНОВА АЙША ТУРЛЫЖАНОВНА	Общее недоразвитие речи II –III уровня	Специальная психолого-педагогическая поддержка логопедом.
35.	МӘКІБАЙ МИРЛАН МАДИЯРҰЛЫ	Трудности поведения. Задержка психического развития церебрально-органического генеза. Общее недоразвитие речи II уровня	Воспитание и обучение в дошкольной организации образования. Психолого-педагогическое сопровождение в детском саду. Занятия с психологом, логопедом, дефектологом.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық санаттары үшін келесі жағдайлар жасалған:

- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық тәрбиеленушілер үшін білімге тең қолжетімділік қамтамасыз етілді;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) заңнамамен кепілдендірілген құқықтарын қорғау, балалардың білім алу нысандарын, білім беру ұйымдарын таңдау, балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау міндетті болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды нормотиптік құрдастарының ортасына жеңіл интеграциялау үшін біздің балабақшада келесі шарттар сақталады:

1. Нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету;
2. Даму ортасын құру;
3. Кадрлық қамтамасыз ету және мамандармен өзара байланыс жүргізу.

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы, "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы"ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы; тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін: жасын, бұзылу құрылымын, психофизикалық даму деңгейін ескере отырып, арнайы (түзету) бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі. Жалпы білім беру тобының жағдайындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір тәрбиеленушіге жеке даму бағдарламасы (ЖДБ) жасалды. Қажет болған жағдайда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер оқу жылының соңында білім беру мен оқытудың одан әрі нысандары және даму динамикасын бақылау туралы мамандардың ұсыныстарын алу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жіберіледі.

Заттық-дамыту ортасын құру "мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды.

Білім беру интеграциясының сәттілігі үшін балалардың әлеуметтік бейімделуіне және ерекше білім беру қажеттіліктерін түзетуге көмектесетін ортаны құру маңызды. Мектепке дейінгі мекемеде: әдістемелік кабинет, дене шынықтыру залы, бассейн, музыка залы, қазақ тілі кабинеті, медициналық кабинет; мамандар кабинеттері: логопед, дефектолог, психолог; интеллектум; робототехника; құм терапиясы; шахмат кабинеті; 12 серуендеу алаңы, спорт алаңы бар.

Мамандар кабинеттері қажетті оқу-әдістемелік, көрнекі және демонстрациялық құралдар жиынтығымен жабдықталған. Топтар қажетті ойын және оқу жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі ұйымның сайтында мамандарға, балаларға және ата-аналарға арналған материалдар орналастырылған.

Балалармен білікті педагогтер жұмыс істейді ("Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы):

- тәрбиешілер;
- музыка жетекшісі;
- дене шынықтыру нұсқаушысы;
- логопед;

-дефектолог;

-педагог-психолог;

Сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде дефектолог пен психолог психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асырады. Логопедтің кабинеті көптеген түзету және дамыту материалдарымен, дидактикалық ойындармен және құралдармен жабдықталған.

Жалпы даму топтарына баратын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мамандар мен тәрбиешілердің психологиялық-педагогикалық түзету қызметіне жүгінеді, оның құрамына педагог-психолог, дефектолог-мұғалім, логопед-мұғалім, медицина қызметкері, тәрбиешілер кіреді. Бақылау мен басшылықты балабақша әдіскері жүзеге асырады. Бұл балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау ПМПК қорытындыларының ұсынымдарына сәйкес анықталады.

№54 «Нұр-Ай» балабақшасының Эксперименттік алаң бойынша қысқаша ақпарат

Нұр – Сұлтан қаласының Білім басқармасы 2022 жылы 5 қыркүйекте №704 бұйрығы, қалалық сараптама кеңесінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 1 хаттамасы, №54 «Нұр-Ай» балабақшасы меңгерушісінің 2022 жылдың 9 қыркүйектегі №169/1-н/қ бұйрығы негізінде және жаңа педагогикалық технологияларды енгізу мен білім берудің мазмұнын жаңарту мақсатында №54 «Нұр-Ай» балабақшасында **«Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту мен оқытудың заманауи тәсілдері»** тақырыбындағы эксперименталдық алаң ашылды.

Эксперимент алаңның негізгі мақсаты: балалардың даралық ерекшелігін, жас ерекшелігін, даму деңгейін ескере отыра, Н.Пятибратованың әдістемелерін негізге алып, балалардың танымдық қабілеттері мен сөйлеу тілін дамыту.

Эксперименталдық алаңға балабақшада жиі кездесетін сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды және психикалық дамуы тежелген балалар қатысады. Осы аңғарымдарда оң нәтижеге жету үшін өзіміздің түзету-дамыту жұмысында Н.Пятибратованың әдістемелерін қолданамыз.

Арнайы мамандардың ерекше балалармен жұмыс жасаудағы негізгі мақсаттары баланың жас ерекшелігі мен аңғарымын ескеру болып табылады. Н.Пятибратованың әдістемелерін тиімді қолдануда эксперимент кезеңдерінде (тәжірибелік, жалпылама, енгізу) арнайы мамандардың қойған мақсаттары осы әдістеме жүйесінде құрылды.

Педагог-психолог маманының негізгі мақсаттары:

- барлық психикалық, танымдық үрдістерін (ойлау, зейін, есте сақтау, қиял) түзету және дамыту;

- эмоционалдық ерік-аумағын және қарым-қатынасқа түсу қабілетін жақсарту;

- өзіне деген сенімділігін арттыру;
- өзін-өзі бағалауын жоғарлату;
- өзін-өзі қадағалауы мен жұмыс қабілетін дамыту;
- әлеуметтік ортаға бейімдеу;

Логопед маманының негізгі мақсаттары:

- лексикалық – грамматикалық сөйлеуін дамыту;
- сөзді түсінуін дамыту;
- сөздік қорын молайту;
- байланыстыра сөйлеуін дамыту;
- сөйлеу мүшелерінің құрылысы, қимыл- қозғалысын дамыту;
- дыбыстардың айтылуын жақсарту;
- фонематикалық түсінігін арттыру;
- жалпы және ұсақ моторикасын дамыту.

Дефектолог маманының негізгі мақсаттары:

- қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту;
- сенсорлық қабылдауын дамыту;
- математикалық түсініктерін кеңейту;
- ұсақ қол моторикасын дамыту;
- танымдық үрдістерін дамыту;
- сөздік қорын молайту.

Тәрбиешілер мен мамандар (дене шынықтыру, музыка жетекшілері, қазақ және орыс тілі мамандары), ата-аналар мен арнайы мамандар (дефектолог, логопед, педагог-психолог) осы мақсаттарға бірлесе отыра тиімді және үздіксіз жұмыс жүргізу арқылы бала бойындағы оң нәтижелер мен жағымды өзгерістерге қол жеткізе алады.

Эксперимент алаң 3 жылға жоспарланған /2022-2023, 2023-2024, 2024-2025/ Кезеңдері:

1 кезең (2022 – 2023) – диагностикалық, ол сөйлеуді дамыту, сөздік қорын молайту, фонетика және басқа да баланың психикалық дамуына байланысты ғылымдар мәселесі бойынша әдебиеттерді зерттеу мен талдауды қамтыды, түзету-дамыту жұмыстары барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған және дамуында психикалық тежеулері бар балаларға бақылау жүргізілді, зерттеу бағыттары анықталды.

2 кезең (2023 – 2024) – тәжірибелік, екі кіші кезеңге бөлінді:

- біріншісінде I,II,III деңгейдегі сөйлеу тілі жалпы дамымаған және психикалық дамуы тежелулері бар 12 баланы және олардың зейінін, көріп және естіп қабылдауын, есте сақтау қабілетін және сөйлеу функциясын салыстырмалы зерттеу үшін қалыпты дамып келе жатқан 12 балаға эксперименттік психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізілді. Сөйлеу тілінің, психикалық-танымдық процестерінің функционалды негізінің жағдайы анықталады,

бастапқы сөйлеу тілінің, психикалық-танымдық дағдысының қалыптасуының даму деңгейіне сөйлеу карталары және диагностикалық карталар толтырылады. - екіншісінде тәжірибелік жұмыс жүргізілді, онда І,ІІ,ІІІ деңгейдегі сөйлеу тілі жалпы дамымаған және психикалық дамуы тежелулері бар балаларға түзету-дамыту бағыты бойынша Н.Пятибратованың әдістемесі және заманауи тәсілдер қолданылады.

3 – кезең (2024 - 2025) – қорытындылау, зерттеу нәтижелерін өңдеу, талдау және қорыту, даму деңгейінің динамикасын салыстыру, Н.Пятибратова әдістемесінің түзету-дамыту бағытында тиімділігін анықтау және қорытындылау. Эксперимент барысында қолданылған барлық тәжірибелік материалдарды, заманауи әдіс-тәсілдерге талдау жүргізу.

Экспериментке қатысушылардың құрамы: Ортаңғы «Керуен» , «Балдырған», «Әдемі-ай», «Ботақан» топтары мен сол топтардың ата-аналары қатысады. Осы топтармен 3 жыл бой жұмыс жоспарымен жұмыс жүргізіліп, нәтижелі болады деген ойдамыз.

Инновациялық жоба бағдарламасының қысқаша түйіндемесі, негіздемесі
Тақырыбы **«Құндылыққа негізделген білім беру»**

Иновациялық жоба 1 жылға жоспарланған /Кезеңдері: 2023-2024,

Инновациялық жобаға қатысушылардың құрамы: ортаңғы «Арнау» , «Тұмар» топтары мен сол топтардың ата-аналары қатысады.

1. Бағдарламаны жүзеге асырудың ең басты шарты – үлгі, өнеге болу.
2. Ұжым мен ата-ананың бір мақсатта бірлесе жұмыс жасауы.
3. Ұйымдастырылған іс әрекеттерді берілген құндылықтарға сәйкес өткізуі.
4. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс.

Механизмдері:

- Тәрбиеленушілерге, ұжымға құндылық жайында толық ақпарат беріледі.
- Топтарды құндылыққа қатысты көрнекіліктермен безендіреді.
- Құндылық тақырыбына сай іс-шаралар ұйымдастырылады.
- Тәрбиеленушілердің құндылықтарды күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасалады.
- Құндылықты дәріптеу жұмыстарында ата-аналарды қатыстырады.
- Әр айдың соңында тәрбиеленушілердің құндылықты меңгергендігін анықтау мақсатында кері байланыс алынады, топ іші жұмыстарына анализ жасалады.
- Өткізілген құндылық айының қорытындысы жасалады.

Жобаның инновациялық әлеуеті

Білім беруде тәрбиеленушілерді жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқытып - тәрбиелеу өзекті мәселенің бірі. Жаңашыл «толық адам» тұлғасын қалыптастыруы үшін құндылықтар алдыңғы орынға шығу керек. Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі,

дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да. Жастар баяғылардай емес, себебі – заман басқа. Қай заманда да топтық психологиялық динамика бірдей жағдайда өтеді. Бірақ жасөспірімдіктен ересек тобына өтіп, балалық кездегі құндылықты ересек адамның құндылығына айналдыру үшін осы өткел берік болуы керек.

Күтілетін нәтиже

Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде тәрбиеленушілердің бойында

- қазақстандық патриотизм
 - азаматтық сана-сезім
 - толеранттылық
 - мемлекеттік тілінің дамуы
 - отбасылық мәдениет
 - шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру
 - түстен кейінгі уақытын тиімді қамтамасыз ету
- бойынша даму сатыларының көрінісі күтіледі.

Мектепалды даярлық тобы балаларының мектепке дайындығы:

Нәтиже көрсеткішінің бірі - балалардың мектепке баруға дайындығы деп қарастырамыз. Биылғы оқу жылында мектепке 146 бала шығарып салынды. Барлық балалардың психикалық және дене дамуының деңгейі жас ерекшеліктерінің нормаларына сай. Болашақ әр мектепке баратын балаға медициналық карталары толтырылды.

Мектепке дейінгі білім берудегі жас ерекшеліктеріне сәйкес, оқу жылының қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жалпы білім беру бағдарламасын игеру деңгейін анықтау үшін диагностика өткізілді. Нәтижесі алдыңғы жақта көрсетілген.

Оқу жылының диагностикалық талдау көрсеткішіне қарасақ, оқу жылының басымен салыстырғанда, балалар өз нәтижелерін айтарлықтай жақсартқан, балалардың көпшілігі жас ерекшеліктеріне сай бағдарламада қарастырған білімді, дағдыны, шеберлікті табысты меңгерген.

Диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, балалар бағдарламадағы жас ерекшелік талаптары есебін игерген деген қорытынды шығаруға болады.

Қорытынды: Мектепке дейінгі мекемелер үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде үнемі өзгеріп отыратын, қоғамға бейімделе алатын қабілетті баланың тұлғалық дамуына және қалыптасуына барлық жағдай жасауы қажет.

№54 «Нұр - Ай» балабақшасында тәрбиелеу-оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын қолдана отырып, дені сау, дербес, білуге құмар, сын тұрғысынан ойлай алатын тұлға қалыптастыру. Балабақшаның алға қойған мақсаты мектепке дейінгі жастағы баланың толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, физикалық, психоэмоционалдық, тілдік коммуникативтік күздіреттіліктері дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мақсатты жүзеге асырудың жолдары:

1. Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, балалардың дене және психикалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, заманауи сапалы тәрбие беру.

2. Мектепке дейінгі ұйымның педагог кадрларының кәсіби деңгейін көтеру және бәсекеге қабілетті озық педагогтың біліктілігін арттыру

3. Ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру, психологиялық-педагогикалық даму мәселелерін шешуде отбасымен қарым-қатынас жүйесін дамыту.

4. Балабақша жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін материалдық техникалық базаны толықтырып, қамтамасыз етуді жалғастыру.

5. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту.

Балалардың даму мүмкіншіліктерін, денсаулық жағдайларын, қызығушылық деңгейлерін ескере отырып, дені сау, шығармашылық қабілеті зор, үйлесімді жеке тұлғаны қалыптастыру және баланың психофизиологиялық дамуы туралы мәселелер жөнінде балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының оқу жоспарына және санитарлық-гигиеналық ережелеріне толық сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болып табылады.

Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі керек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы - бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу. Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Осы тұжырымдаманың негізіне біліктілік көздерін, мәдениетті білетін жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен біріктірілген тәсілдер негізінде оқу тәрбие процесін ұйымдастырудағы баланың жеке басын дамыту үлгісі жатады.

Балабақшамызда тәрбиеленушілердің жасына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес олардың дене, интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдайлар жасалған. Балабақшада «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту мен оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбы бойынша эксперименттік алаң іске қосылды. Бұл эксперименттік алаңның көздеген мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту, және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау жасай отыра, білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану.

Сонымен қатар балабақшамызда «Құндылыққа негізделген білім беру - балабақшада» тақырыбында алынған жоба аясында ұлттық құндылықтарды заманауи тәсілдермен ұштастыра отыра, бала бойына сіңіру мақсатында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары да кеңінен жүргізілуде.

Балалардың салауатты өмір салты құндылықтарын игеруіне, тәрбиеленушілердің логикалық және креативті ойлауы мен зияткерлік дамуын

дамытуға ықпал ететін қосымша білім беру қызметтері ашық және жұмыс істейді.

Заттық - дамыту ортасы мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім беру салаларының мазмұнына, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Балалардың толыққанды, құзыретті дамуына, өмірін қорғауға және денсаулығын нығайтуға ықпал етеді.

Балалармен тәрбие-білім беру жұмысы және тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл мәселелерінде педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейі артты. №54 "Нұр-Ай балабақшасы" МКҚК педагогикалық кадрлармен 100% жасақталған. Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Балабақшаның барлық педагогтарының дипломға сәйкес мамандығы бойынша педагогикалық білімі бар. Педагогтардың 89%-ы жоғары білімді, ал 50%-ы педагог –модератор біліктілік санатына ие. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша педагогтердың жұмыс тәжірибесі зерттелді және жинақталды.

Мониторинг нәтижелерін талдау балалардағы физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың қалыптасу деңгейі І жартыжылдықта балабақшаның жас топтарында – 79%; шағын орталық топтарында-75,4% құрайтынын көрсетті. Жүргізілген талдау тәрбиешілердің, педагог-мамандардың жүйелі жұмысын көрсетеді. Тәрбиешілер әр баланың білімін, іскерлігі мен дағдыларын объективті түрде бағалайды; олармен жұмыс істеуде жеке маршрут жасайды; ата-аналарға кеңес береді, практикалық кеңестер береді.

Балабақша тәрбиеленушілерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру динамикасын айқындау мақсатында 2023 жылғы мамырда қорытынды мониторинг жүргізілетін болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасалған. Педагог-психолог, логопед, дефектолог мамандары және инклюзивті топтардың тәрбиешілері жеке даму бағдарламалары негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүргізеді. Тәрбие - білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық-педагогикалық қолайлы ортаны қамтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.

Күтілетін нәтижелер:

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби біліктілік деңгейі сәйкестігінің болуы, әр түрлі инновациялық ойын іс-әрекетінің түрлерін меңгеру.

Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, балалардың дене және психикалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, заманауи сапалы тәрбие беру.

Эксперименттік, жоба жұмыстарына қатыстыру, танымдық дағдыларын кенейту, қарапайым зерттеуге қызығушылығын арттыру және табиғатта өзін ұстай білу дағдысын жетілдіру.

Білім беру қызметінің нәтижелілігі мониторинг жүйесін, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын жасау және жетілдіру;

Тәрбиеленушілер мен олардың ата –аналарының сұраныстарын талдау және зерттеу мақсатында балабақшаның ақпараттық - диагностикалық қамтамасыз ету жүйесін дамыту;

Балабақшаның инновациялық қызметіне педагогтердің қатысуы үшін мотивациялық жағдайлар жасау.

Балаларды оқыту және тәрбиелеуде:

- жеке мәдениетін дамыту;
- физикалық, зияткерлік, шығармашылық әлеуетті анықтау және дамыту;
- салауатты өмір салтына басымдық беру;
- балалардың моральдық-психологиялық, физикалық және рухани денсаулығын нығайту, олардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, әр баланың жеке басын адамгершілік және эстетикалық жетілдіру;
- балалардың дербестігі мен белсенділік деңгейін арттыру;
- балалардың әртүрлі конкурстарға, жарыстарға, көрмелерге және фестивальдерге қатысуы;
- балалардың мектепке жеке дайындығын қамтамасыз ету.

Педагогтардың кәсіби дамуында:

- кәсіби құзыреттілікті арттыру;
- педагогтер мен қызметкерлердің балаларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуге қызығушылығы;
- педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, физикалық, адамгершілік, рухани және әлеуметтік денсаулығына қол жеткізуге бағдарлануы;
- әр педагогтың жеке педагогикалық стилінің қалыптасуы;
- педагогтердің конференцияларға, конкурстарға, көрмелерге, фестивальдерге сапалы қатысуы;
- балабақша тәжірибесіне жұртшылықтың назарын аудару, оңтайлы білім беру және тәрбиелеу процесін жетілдіру үшін материалдық-техникалық мүмкіндіктерді кеңейту.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыс жүргізуде:

- балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін жақсарту;
- ата-аналардың балалық шақтың басымдықтарын, салауатты өмір салтын тануы;
- ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша балабақша қызметін қолдауы;
- инновациялық типке дейінгі заманауи модельді дамыту мен құруды басқаруға ата-аналардың белсенді қатысуы.